«6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Ақын Бақдаулет Қалиахметұлының «Қазақстан Республикасының саяси дамуындағы Жапонияның жаңғыру тәжірибесі» атты докторлық диссертациясына отандық ғылыми кеңесшінің берген

ПІКІРІ

Б.Қ. Ақынның диссертациялық жұмысы қазақстандық шығыстану үшін жаңа тақырып болып отырған Қазақстан Республикасының саяси дамуындағы Жапонияның жаңғыру тәжірибесін зерттеуге арналған.

Тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақстан көп векторлы сыртқы саясатты жүзеге асыру, халықаралық қауымдастыққа ену және өтпелі кезеңде елдің жаңғыруында басқа мемлекеттердің тәжірибесін пайдалану стратегиясын таңдады. Мұндай жағдайда дамып келе жатқан азиялық мемлекеттердің табысты жаңғыру жолы экономикалық зерттеулер үшін үлкен қызығушылық тудырады. Саяси жаңғыруға қатысты Жапония өнеркәсіптік жаңғыруды жүзеге асырған және саяси жүйедегі өзгерістердің негізін қалаған либерализм мен неолиберализмнің көп элементтерін қабылдаған Азиядағы алғашқы капиталистік елге айналды.

Жүргізіп жатқан реформалармен бірге жапон қоғамы алдында мәдени және саяси сәйкестік мәселесі тұрды. Әлемнің жаһандануы жағдайында барлық Шығыс елдері үшін бұл мәселе өзекті әрі күрделі болып саналады. Қазіргі таңда қандай да бір ұлттық мемлекетте қоғамды біріктіретін ұлттық сана-сезім мен ұлттық идеяны топтастыратын жобалардың түрлі нұсқалары пайда болды. Осындай жағдайда Батыстың либералды модельдерін көшірмейтін, ұлттық ерекшелігін сақтап, либерализмнің батыс құндылықтарын бейімдеуге әзір бірегей саяси бағдарлама құру қажет еді. XX ғасырдың соңында қазақстандық қоғамның күн тәртібінде де қазақстандық даму жолын таңдау немесе демократияның, либерализм мен идеологиялық плюрализмнің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерін сақтаған батыс саяси жаңғыруы жолымен жүруді таңдау дилеммасы тұрды.

Батыс елдерінің саяси мәдениетінің күшті ықпалында болған Жапония *«ва»* қағидасы негізінде жаңғырудың өзіндік моделін құруға қабілетті болды. Жапон либерализмінің парадигмасы елдің қарқынды экономикалық және саяси дамуына ықпал ететін жапон халқының дәстүрлі дүниетанымын ескереді.

Жапония тәжірибесі жаңғыру процесіндегі мемлекеттің конструктивті рөлі әлі де толық атқарылмағандығын және осы жағдайды Қазақстанның қазіргі жаңғыру процестерінде назарда ұстау қажеттігін көрсетеді.

Б.Қ. Ақынның ғылыми зерттеулері Қазақстан Республикасының саяси процесі мен мемлекеттік басқаруында Жапонияның өзіндік жаңғыру моделі тәжірибесін, Жапониядағы неолибералды өзгерістерді қолдану қағидалары мен шарттарын әзірлеуден тұрады.

Ізденуші жаңғырудың жалпы теориясын, жаңғырудың шығыс азиялық моделінің ерекшеліктерін, таңдаған тақырыптың теориялық-әдістемелік тәсілдерін зерттеді. Император институтын сақтай отырып, дәстүрлі жапондық дүниетаным негізінде Жапонияда либералды қағидаларды қалыптастыру, Қазақстанның саяси дамуы мен мемлекеттің президенттік басқару формасының ерекшеліктері ғылыми анализдің негізін құрады. Б.Қ.Ақын салыстырмалы талдау жасап, осы талдау нәтижесінде қазақстандық қоғамның қазіргі саяси процестерінде дәстүр мен қазіргі заманның сипаттарын үйлестіретін Күн шығыс елінің либералды және неолибералды жаңғыру тәжірибесін қолдану мүмкіндіктерін белгілеп анықтады.

Қазіргі кезде шығыс елдерінің, оның ішінде Жапония мен Қазақстанның саяси ғылымының дамуы тарихын қарастырғанда аталмыш елдердегі халықтардың дүниетаным ерекшеліктерін дәлме-дәл түсіну өте маңызды. Жапондықтар мен түркілердің дүниетанымында салт-дәстүрді құрметтеу, ашықтық, ұжымдық және жеке сана-сезім, өзін-өзі түсіну, тұлға еркіндігі сияқты жалпы қағидалар қазіргі қоғамның дамуында да маңызды болып есептеледі.

Аналитикалық түрде нақты ұсыныстарды алу осы диссертациялық зерттеудің маңызды кезі болып саналады. Әр түрлі құбылыстар мен әсер пайда болатын осындай жүйелерде күрделі саяси жүйелердің ерекшеліктерін тереңірек әрі нақты талдау мүмкіндігі туындайды. Бұл осы тақырып бойынша түрлі сұрақтарды одан әрі зерттеу мен нақтылау үшін жаңа перспективалық мүмкіндіктер береді.

Ізденуші келесі міндеттер қойған:

- жаңғыру эволюциясының, кезеңдері мен типтерінің теориялық негіздемесін анықтау,
- қазіргі мемлекеттердің, оның ішінде, Жапония мен Қазақстанның жаңғыру процестерінің негізгі ерекшеліктерін талдау,
- саяси-экономикалық, психологиялық және этномәдени ерекшеліктерін ескеретін жапон саяси жаңғыруында «ва» қағидасын қарастыру, Жапония мен Қазақстанның билеуші партияларының ерекшеліктерін, сондай-ақ, мемлекетте Жапонияның үстемдікке ие партиясы – ЛДП-ның идеялық-теориялық позицияларын қарастыру,

- Қазақстанның саяси-экономикалық моделінде жапондық мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызмет тәжірибесін қолдану үшін осы модельді зерттеу.

Сонымен бірге, Б.Қ. Ақынның диссертациялық зерттеу жұмысының маңызы Жапония мен Қазақстанның диалогы сияқты мәселені қоюдан тұрады және бұл тақырып екі мемлекеттің мәдениаралық әрі саяси ықпалдасуында өте маңызды. Саяси диалог мәселесі қазіргі жаһандану жағдайында Шығыстың саяси дауысы сияқты қазіргі заманда өте қажет.

Ізденуші алға қойған міндеттерді табысты орындап, жемісті зерттеу еңбегінің нәтижесінде ғылыми маңызы бар нәтижелер алды.

Диссертацияның материалдары түрлі журналдарда жарияланып, халықаралық, республикалық конференцияларда баяндалды. Ізденуші жапон және ағылшын тілдерін жетік білуі арқасында зерттеудің теориялық негізін құрайтын материалдарды осы тілдерден қарастырғанын атап өту керек.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шығыстану факультетінің Қиыр Шығыс елдері кафедрасында докторантурада оқу барысында диссертациялық жұмысты жазу кезінде, сондай-ақ, Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің Қиыр Шығыс аймағының тілдері мен аударма кафедрасының оқытушысы қызметін атқару барысында Б.Қ. Ақын теориялық саясаттанудың қазіргі әдістерін қолдана отырып, өз бетінше ғылыми міндеттерді шеше алатын шығыстану саласының білікті маманының дағдыларына ие болды.

Ізденуші диссертацияның алғашқы нұсқасы бойынша ғылыми кеңесшінің төмендегі жағдайлар бойынша ескертулер мен ұсыныстарды назарға алған:

1. Отандық шығыстанушылардың зерттеу объектілеріне айналған азиялық елдердің, оның ішінде, Оңтүстік Кореяның, Қытайдың және басқа мемлекеттердің саяси жаңғыруы тәжірибесінің ғылыми дискурсының толық, нақты кеңейтілген бейнесін көрсету.
2. «Саяси жаңғыру» маңызды ғылыми түсінікті бірыңғай қолдану және оның семантикалық мәнін «жаңғыру» немесе «өнеркәсіптік жаңғыру» сияқты басқа терминдерден ажырату.
3. Пайдаланылған дереккөздерді мұқият сүзгіден өткізу, ғылыми еңбектер тізімін ең соңғы зерттеулермен, оның ішінде, жапон тіліндегі зерттеулермен толықтыру.

Б.Қ. Ақынның «Қазақстан Республикасының саяси дамуындағы Жапонияның жаңғыру тәжірибесі» диссертациялық жұмысы ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің диссертациялық жұмысқа қоятын барлық талаптарына сәйкес келеді және оның авторы 6D020900 –

Шығыстану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

13 мамыр 2019 жыл

Ғылыми кеңесші
тарих ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры **Ким Г.Н.**